

«АйКүн» бөбекжай - балабақшасының
Ортаңғы тобына арналған
«Ана өмір шуағы»

Тәрбиеші: Бердонғарова А.Ж

Ақтөбе 2025ж

Тақырыбы: «Ана – өмір шуағы»

Мақсаты: Балалардың анаға деген сүйіспеншілігін, сыйластығын қалыптастыру, өнерлерін көрсету арқылы аналарға қуаныш сыйлау.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті аналар, аяулы әжелер және қонақтар!
Сіздерді көктемнің ең шуақты мерекесі – Аналар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Ана – өмірдің шуағы, отбасының бақыты. Ендеше, мерекемізді бастайық!

Балалардың шығуы

(Көңілді әуенмен балалар қолдарына гүл ұстап залға кіреді.)

Ән: «Анашым»

Тақпақтар

1-бала:

Анашым – алтын күнім,
Жанымдағы гүлімсің.
Қуанышқа бөлейсің,
Мейірімге бөлейсің.

2-бала:

Ана деген – асыл жан,
Мейірімді, ақылды.
Анамызды әрқашан,
Құрметтейміз шаттықпен.

3-бала:

Күлімдейсің күн болып,
Жанымызға нұр құйып.
Сізге бүгін тілейміз,
Бақыт, шаттық, зор денсаулық!

4-бала:

Ақ сүтінді ақтаймыз.
Жақсы бала боламыз.
Мерекеніз құтты боп.
Әрдайым шаттанамыз!

Би: «Гүлдер бии» немесе «Көктем вальсі»

Ойын 1: «Анама гүл сыйлаймын»

Залдың бір шетінде гүлдер, екінші шетінде аналар тұрады. Балалар әуенмен жүгіріп барып, бір гүл алып, анасына сыйлайды.

Ойын 2: «Кім жылдам?»

Қатысушылар: 2–3 ана мен баласы.

Балалар себеттен киімдерді алып, аналарына береді. Анасы киімді дұрыс киіп үлгеруі керек. Жеңімпазға қол соғылады.

Ән: «Менің анам»

Ортақ тілек

Барлық балалар бірге:

Анашым, біз сіздерді жақсы көреміз! Дендеріңіз сау, жүздеріңіз әрдайым күлімдеп жүрсін!
Мерекелеріңіз құтты болсын!

Сыйлық табыстау

Балалар өз қолдарымен жасаған ашықхаттары мен гүлдерін аналарына табыстап, құшақтайды.

Қорытынды сөз

Жүргізуші:

Құрметті аналар! Бүгінгі мерекемізге келіп, балалардың қуанышына ортақ болғандарыңыз үшін
үлкен рақмет! Отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық, жүректеріңізге мейірім
тілейміз!

